

**4 БӨЛІМ.**  
**ӘДЕБИЕТТАНУ: ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**  
**РАЗДЕЛ 4.**  
**ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ: ТРАДИЦИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ**  
**PART 4.**  
**LITERARY STUDIES: TRADITION AND MODERNITY**

---

**ӘОЖ 821.512.122**

**ҒТАХР 17.82.31**

**<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.041>**

**Т. ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ «АТАЙЫ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ**  
**ФАНТАСМАГОРИЯ ЖӘНЕ АВТОР ПОЗИЦИЯСЫНЫҢ**  
**ДЕКОНСТРУКЦИЯСЫ**

\*Абдуллина А.Б.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада постмодернистік әдебиеттану аясында берілетін фантазмагориялық, интермәтінділік, «автор өлімі» әдістердің қолданылуы сөз болады. Алдымен психологиялық, әдебиеттану тұрғысынан теориялық негіздемесі қарастырылып, «бірегейлік», «ұлттық сана», «халықтық таным» түсініктері зерделенеді. Осы мақсатта қазіргі қазақ әдебиетіндегі аталған бағытты берік ұстанған жазушы Т.Әсемқұловтің «Атайы» әңгімесі зерттеу нысанына алынып, оның «аллегориялық әңгіме» жанрында жазылған шығармасы кеңінен талданады. Әдебиеттану тұрғысынан салыстырмалы-тарихи, символдық-архетиптік, интермәтінділік, концептуалдық, герменевтикалық талдаулар негізінде контенттік, сапалық-сандық зерттеулер жүргізіледі. Мақаладағы жанрлық трансформация, абсурдтық идея, авторлық концепция мен симуляция, «автор өлімі» ұғымдарына семиотикалық бағытта түсінік беріледі. Әңгімедегі постирония, архетип, мифореставрация, мифтік таным, аллегориялық тәсіл, этиологиялық нышан постмодерннің басты талабы ретінде алына отырып, неоромантикалық, неофантастикалық бағыттағы утопиялық мәніне сәйкес келетін идея талқыланады және ұлттық код тұрғысынан қарастырылады.

Әдебиеттегі аллегория жанры – жануарлар жайын ғана емес, жалпыадамзаттық мәселелерді астыртын жеткізудің тәсілі. Осыған сәйкес аллегориялық әңгіме жанры мақаланың теориялық және практикалық маңызын көрсетеді. Зерттеу ғылыми маңызы – қазіргі қазақ прозасындағы аллегориялық әңгіме жанрының жалпыадамзаттық, ұлттық тақырыптарды айқындалуымен байланысты. Зерттеудің практикалық маңызы – алынған

нәтижелерді қазіргі қазақ әдебиеті, қазіргі қазақ прозасы туралы курстарда, ХХІ ғасырдағы әдеби үдерісті талдау мен оқытуда қолдануға арналған. Адамзаттың болмысын сатиралау фантазмагория әдісі арқылы жүзеге асқан «Атайы» әңгімесі – бірнеше құрылымда, бағытта, сипатта анықталатын аллегориялық әңгіме. Бұл мақала қазіргі қазақ әдебиеті, қазіргі қазақ прозасы саласында айтулы үлесін қосып, бүгінгі әдеби тенденциядағы құбылыстар, терминдер туралы түсініктерімізді кеңейтеді.

**Тірек сөздер:** қазіргі қазақ әдебиеті, ұлттық код, бірегейлік, жанр, постмодернизм, фантазмагория, аллегория, интермәтінділік, архетип

### **Кіріспе**

Фантазмагория алдымен өнертану саласында, оның ішінде театр әлемінде алғаш көрініп, одан кейін барлық өнер түрлерінде айқын біліне бастады. Параллель, қосәлемдік, рефлексиялық (зеркальность) бейнелеулер арқылы түпкі ойды суреттеу өнері десек те болады. Аллегориялық сипаттан гөрі реалистік және романтистік бағыттарды шағылыстыратын гибрид-тәсіл ретінде көрінетін фантазмагория хаос, фантазия, бұлыңғырлық, белгісіздік, гротеск секілді образдылықтармен қатар бейнеленеді. Бұл тәсілдің ерекшелігі – сатиралық, гротескілік негізде сипаттау. Негізгі мақсаты – образды тек сатирамен түйреп, ирониямен, кекесінмен сыбау емес, өмір шындығын, адами таным-түсінікті, қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерді түсіндіру үшін екі түрлі әлемді, екі түрлі ғаламды шендестіре отырып, ортақ нәтиже шығару. Осы орайда біз мақалада Т.Әсемқұловтың «Атайы» әңгімесін негізге ала отырып, қазақ әдебиетіндегі метамодернистік бағыт нышандарымен көмкерілген туындыдағы жанрлық ерекшелік, идеялық мән, интермәтінділік сипат жан-жақты қарастырылды. Автор шығарма жанрын аллегориялық әңгіме деп айдар тағып, аполог стилінде сөйлеткен. Аллегория – мысал, аполог жанрларының басты көркемдеу құралы болғанымен, бұл шығарма жанрлық трансформацияға ұшырап, деканонизацияланған. Басты кейіпкерлері – жануарлар болғанымен, шығарма тұтасымен хайуанаттар әлемінен бөлек, реалистік сюжеттерді де қамтиды. Әдетте аллегориялық жанрдың басты ерекшелігі – жануарларды, өсімдіктерді сипаттай отырып, адамзаттық мәселелерді, мінез-құлықты астарлап білдіру десек, көпфондылыққа қарағанда бұл жанрға тек біртектілік, анығырақ монокеңістік тән. Фантазмагориялық тәсілде басты кейіпкерлер тек қана адамдар ғана емес, сонымен бірге жануарлар да, пейзаждар да бола алады. Ю.М.Лотманның пікірін негізге алар болсақ, өмірді танытудың көркемдік әдісі ретінде фантазмагорияның рөлі ерекше: «наиболее элементарным случаем перераспределения» явлений окружающей нас действительности с целью «дешифровки» их смысла: «явление реального мира предстаёт в неожиданных, запрещённых бытовой практикой сочетаниях или в такой перспективе, которая раскрывает скрытые стороны его внутренней

сущности» [1, 200-б]. Дешифрлау, декодтау негізінде фантазмагорияның маңызы да ерекше. Себебі кодталған образдылық, кейіпкерлер, идеялар түпкі мәнінде «автор өлімі» концепциясы аясында ашылады. Ролан Барттың «автор өлімі» концепциясы туралы зерттеуінде интермәтінділік мәселесі аясындағы категория ретінде қарайды, яғни көркем туынды дүниеге келісімен, мәтіннің авторы «өледі», ал мәтін әр оқырманның таным көкжиегінде өз өмірін сүре бастайды. Бұл дегеніміз шығарма мен авторды алшақтатып, екеуара қатынасты мүлде жоққа шығарады. Шындығында, қазіргі постмодернистік бағыттың да бағдары осында. Көркем шығарма жоғарыда аталғандай, бірнеше ағымдар мен бағыттардың қосындысынан сүзіліп, дараланып дүниеге келеді, дәстүрлі деңгейдегі туындылар секілді шығарманың идеясы, тақырыбы, мақсаты, өзегі, діттегені, авторлық позициясы көрінбейді. Міне, қазіргі шығармаларда автор мен оқырман арасындағы байланысының жоқтығы осы интермәтінділіктің теориясына келіп саяды. Ағылшын ғалымы G.Kowalik пікірінше, жиырма бірінші ғасырдың тоғысында қазіргі фантастика тірек ретінде прецеденті болады, өйткені жеке адам позициясы ағым мен бағыт дамуына сай ауысып отырады [2, 7- б]. Әңгімені зерттеу барысында біз ұлттық таным мен халықтық сана мәселесін шет қалдыра алмаймыз. Себебі қаламгер постмодернистік бағытта жаза отырып, ұлттық интеграцияны алдыға шығарады. Әдебиеттанудағы «өзін-өзі сәйкестендіру» [3, 501-б] мәселесі әлі күнге өзекті екені белгілі, алайда белгілі бір ұлтты «өзек» ретінде тұтас әлем кезегінде алған уақытта, «ұлтты тану» мәселесін психология, элеуметтану, антропология, тарих, мәдениет, этнология секілді салалармен бірлікте қарастыру жөн саналады [4, 310-б]. Осы теорияны негізге алсақ, «Атайы» әңгімесінде аллегориялық тәсілдің астарында ұлттық идеология жатқандығы белгілі. Психологиялық жағынан алғанда, «сәйкестендіру» ұғымы эмоционалдық байланысты, өзінің ішкі әлемін іске қосуды өзіндік «құндылық» есебінде қабылдау, басқа индивидпен, топпен сәйкестендірудің танымдық үдерісі, соның нәтижесінде «тұлғаның» қалыптасуы деп түсіндірілсе [5, 181-б], мәтіндік тұрғыға келгенде, индивидтік өлшем «ұлт» категориясымен ұштасады деп айта аламыз. Осылайша эголық, жекелік, индивидтік сәйкестігі уақыт пен кеңістік аясында бірегейленіп, элеуметтік (топтық) сәйкестендіру (идентификация) позициясына көшеді [6, 151-б]. Міне, қаламгер әңгімесінде образдар жеке-даралықтан гөрі, топтық, типтік мәнді беруге ұмтылған.

Жазушы Т.Әсемқұловтың прозасы, соның ішінде романдары мен повестері кең талданғанмен, «Атайы» әңгімесі бірде-бір рет ғылыми-зерттеудің нысанына айналмаған екен. Сол себепті осы мақалада қазақ әдебиетіне жаңаша леп әкелген «Атайы» әңгімесіндегі интермәтінділік аясында екі әдісті қарастыруды жөн деп санадық. Сыртқы пошымына қарасақ, эко-сын, этиологиялық, анималистік, зоологиялық бағытта жазылған шығармаларға ұқсас болғанымен, жанрлық түпкі арнасы

постмодернистік бағыт аясындағы фантазмагориялық әдіс негізінде жазылғанына көзімізді жеткіземіз. Шетел әдебиетінде қарыштап дамып кеткенімен, қазақ әдебиетінде сондай биік деңгейге жете алмады [7, 171-б]. Зерттеуші Ч.Браун фантастикалық бағытта жазылған шығармаларды утопиялық, яки болашаққа бағытталған футуристік негіздегі туындылар дейді [8, 37-б]. Постмодерндік әдебиетте әдеби кейіпкерді түрлі ракурстан қарау басшылыққа алынады. Ағылшын ғалымы К.Брук-Роуз өз зерттеуінде көркем шығармадағы дәстүрлілік сипаттың күйреуіне бес түрлі негізгі себепті айтады және оның пікірінше, қазіргі оқырман деректілікті, таза фантастиканы артығырақ көреді [9, 231-б]. Шындығына келгенде, қазіргі жанрлық трансформациялар аясында шекаралардың бұзылуынан бұрын күңгірттенуі басым десек болады. Ал ғалым И.Ильин болса, постструктурализмнің «шаршауынан» дүниеге келген постмодернизм аясындағы симуляцияны, «автор өлімі» тұжырымдамасының алмасуымен байланыстырады [10, 158-б]. Осы ретте К.Кумардың бұл теорияның жаңа әрі «таза» шындықты беруі ғана емес, әр индивид түсінігіндегі «ақиқатты» танытуға ұмтылыс жасауында дегені көңілге қонымды [11, 32-б]. Аталған теорияларды негіздей келе, біз америкалық әдебиеттанушы И.Хассанның [12, 46-б], Ресей зерттеушісі М.Эпштейннің [13, 12-б] постмодернизмге берген тұжырымдарының Т.Әсемқұловтың «Атайы» әңгімесімен тұспа-тұс сәйкес келетінін толық айталамыз. Ғалымдар көрсеткен басты ерекшеліктің әңгімедегі көрінісін мақалада толық аша алдық деп ойлаймыз.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеудің материалы ретінде Т.Әсемқұловтың «Атайы» әңгімесі алынып, дискурстық, интермәтіндік, контент талдау әдістері негізінде зерттеу жүргізілді. Әдеби-дискурстық талдау аясында көркем шығармадағы астарлы ой, аллегориялық сипат, постмодернистік дискурс басшылыққа алынды. Осының негізінде коллизия, «автор өлімі», аллюзия, стильдік конвергенция, абсурдтық идея, жанрлық деканонизация секілді интермәтіндік теориясы да басшылыққа алынды. Шығарманы автор аллегориялық әңгіме деп атағанымен, туындының өн бойында бірнеше бағыттар мен ағымдардың нышандары бар. Архетиптік талдау арқылы, әңгімедегі бағзыбейне, түпбейнелер образдылық, символикалық мәнде қарастырылды. Герменевтикалық талдау әдісі бойынша көркем мәтіндегі әр деталь, штрих, коллизиялық түзілістер, сюжеттік-композициялық желілер мәнмәтіндік деңгейде түсіндірілді. Символикалық-аллегориялық әдіс арқылы көркем шығармадағы авторлық позиция, ұттық идея, сана, халықтық интеграция мәселесі зерделенді. Бұл мақалада сонымен қатар жаңашылдық ретінде интерпретативті-перцептивтік талдау әдісін басшылыққа алдық. Постмодернистік шығармаларға тән «автор өлімі» позициясы аясында біз оқырманның мәтінді қабылдауы мен тануы, түсінуі

мен санасында өңделу үдерісіне орай зерделеуді де мақсат еттік. Бұл әдіс аясында мәтінді рационалдық деңгейде түсіну, эмоционалдық әсерде қабылдау, экзистенциалдық негізде сіңіру бағыттары шеңберінде оқырман реакциясы мен символикалық мән алдыңғы шепке шығады. Жалпы алғанда, когнициялық-интерпретациялық жүйе басшылыққа алынады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

**1. Жанр деканонизациясы.** Шығарманың басталуы этиологиялық ертегілік сарында жүзеге асады. Бағыз арыстанның қартайып, бүкіл Қара орман елін жинап, өз орнына лайықты тұлғаны тағайындап, мәңгілік өмірге аттану барысымен басталады. Шығарманың өн бойы түрлі метафоралық, градациялық, экспрессиялық бояулармен оқырманын еліте түседі. «Қомданған қанат, кейкиген бастар. Шошайған, жер сызған ұзындық-қысқалы құйрықтар. Тікірейген, қалқиған құлақтар. Қасқайып көкке біленген қылыштай азулар. Жерді тілгілей тарпыған тұяқтар. Ара-арасында шаңқ еткен, қаңқ еткен, арсылдаған, ырсылдаған абыр-сабыр сүт пісірім уақытқа созылды» [14], - деген жолдардағы қанат, бас, азу, құйрық образды түрде символданып, метонимияланған. Осы ауыстыру арқылы да қаламгер шығарма қаһармандарының бір парасына аңдатпа жасайды. Аллюзиямен көмкерілген шығарманың дамуы мысалдық бағытқа емеурін тастайды. Стильдік конвергенцияға ұшыраған шығармада түрлі мотивтік бағытта өріліп жатқанына куә боламыз. Шежірелік сипатта әріден ру тарихын айта келе, мифтік байламмен өреді. О бастағы жұмырласқан хаостан тіршілік иесі бөлініп, Дария анадан, яки сонау жаратылыс басынан өрбіген ұрпақтардың космогониялық сипатын келтіреді. Бұл жердегі ерекшелік – барлық төрт аяқтылардың ілгі атасы ретінде Дария ана көрінеді. Кей түсініктерде Жер-ана, жер – әйел бейнесімен ұштасса, төменгі әлем ретінде Дария әйел бейнесінде сомдалып тұр. Қара орманның ықылым заманнан бергі тарихын, тағдырын таразылап, өмір өткелдеріне көз жүгіртіп, еске салып, үлкен бір империялық алып құрылымдық мемлекет ретінде шолу жасап, мұрагерлік тағайындауды бастайды. Кәрі кірпі келіп, абадандар тайпасынан Атайыны, жолбарыстар ордасынан Мамытты ұсынып, бірі патша, бірі уәзір ретінде ел билеуге рұқсатын алады. Бағыз екі басшыны ертіп, осы уақытқа дейін Қара орманды басқарып о дүниелік болған патшалардың қорымына шығарып салуды, үлкен өсиетін айтуды мақсат етеді. Шаршаған Бағыздың соңғы өсиеті аңыздық прозаның ішінде космогониялық мифке негізделген эпсанаға жуық келеді. Шығарманың шиеленісінде жануарлар мен адамдар бетпе-бет кездесіп, соғысып, орман қызыл қанға боялып, эпсаналық, ертегілік сарынмен жалғасады. Шығарманың басталуына қарап біз өн бойы мысалдық сарынмен жалғасып, шешімі де этиологиялық бағытта аяқталатынына іштей сенгенмен, оқырманын жанрлық жүйеде «шалыс» бастырып, «алдап соғып», симуляциялықпен әдіспен мистикаға, магиялық

реализмге әкеліп ұластырады. Жан-жануарлар мен адамдар арасындағы конфликт, байланыс, шиенеліс, шарықтау шегі – неоромантикалық бағыттың ерекше үлгісіне әкеліп соғады. Көп жағдайда аллегориялық прозада насихат, үгіт, дидактика негізге алынса, бұл әңгімеде керісінше мистикалық, фантастикалық, магиялық идея реализммен ұштасады. Бұл әңгіменің жанрлық ерекшелігінде де қиял мен реалийлер қатар үндесіп, шындық әлемнің ғажайып бейнесі жатыр. Контент талдау негізінде осы бөлімше бойынша мазмұндық басты элементтердің көрсеткішін былайша кестеледік (1-кесте):

Кесте 1. Әдеби шығармадағы мазмұнды компоненттердің үлес салмағы

Компонент	Салмақтық үлес	Түсіндірме
Жанрлық сипаты	15 (%)	Этиология ертегі + магиялық реализм
Мифтік / космогониялық мотив	20 (%)	Дария ана, жұмыртқа моделі, шежіре, жаратылыс
Символика және аллегория	15 (%)	Жануарлар арқылы әлеуметтік бейнелеу, астарлы мағына
Конфликт және сюжет	20 (%)	Жануарлар мен адамдар соғысы, шиеленіс динамикасы
Көркемдік тәсілдер	15 (%)	Метафора, метонимия, экспрессия, аллюзия
Автор идея мен ұстаным	15 (%)	Ұлттық дүниетанымды жаңаша көркемдеу, «автор өлімі» позициясы, стильдік симуляция

Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік авторлық призмдан түрлі әдіс-тәсілдер арқылы көрініс беретінін байқадық. Бұның негізінде қарама-қайшылыққа толы диалектикалық мәндер әңгімеде бинарлық оппозицияда бір-бірімен қабысып жатыр. Адам мен жануар, жақсылық пен жамандық, мейірім мен өшпенділік, қайырымдылық пен қатыгездік секілді ұғымдар бір-бірімен теке-тіресіп экзистенциалдық мәнде көрінеді. Әңгімеде жалпыадамзаттық мәселелер аллегориялық тәсілмен берілгенімен, дихотомиялық негізде қарама-қайшылықтарға толы экзистенциялық леппен көрінеді.

**2. Фантазмагория.** Жоғарыда айтқан пікірімізді әрі қарай өрбітер болсақ, шығарманың өн бойындағы оқиғаны беру тәсілі – фантазмагория. Құпия да өзгеше әлемнің табиғи және мистикалық өлшеммен қатар өрілуі – постмодернистік өнер туындысына тән құбылыс. Мәселен әңгімедегі мына үзіндіге назар аударсақ: «...Бұл бұдан неше ықылым заман бұрын болған оқиға. Бұл хикаяны менің аталарымның атасының жетпісінші аталары өсиет етіп айтқан көрінеді. Ол тірі жан Дария ананың құрсағынан жаңа ғана шығып, жарық дүниеге көзін жаңа ашқан кез. Аңдар шөп қана жейді екен. Ол кезде олар бірінің етіне бірі жерік емес екен...» [14]. Бұл шағын

эпсаналық-хикаятта бірнеше мағлұмат берілген. Дүниенің, жануардың, адамның, табиғаттың жаралуынан бөлек, Дария-ана образы да бірнеше жерде көрінеді. Тіршілік атаулының түп-тамырының, бастау бұлағының қайнары ретінде адалдық, тыныштық, адамдық, мейірім, қайырым, махаббат секілді ұғымдармен түйістіреді. Дария-ананың құшағынан жаратылған барлық тіршілік иесіне тән қасиет те өсіп-өну, бірлікте өмір сүру, тыныштықта күй кешу, ешкімге соқтығыспай, момын тірлік етуге келіп саяды. Сол тыныштықты бұзушы ретінде адамды антипод образ ретінде көрсету уақыт пен кеңістіктегі психологиялық қақтығыстарды, мекен мен мекеншақтағы бейсаналық тартыстарды сана ағымымен суреттеумен жүзеге асты. Осылайша адами болмыс, ойлар, пікірлер, ішкі деградация, күйініш-сүйініш сезімдер қайшылықты форматпен жанрлық, құрылымдық негізге бағынбай, тіпті кереғарлық екіұшты ойлармен жарыса көрініс берді.

**3. Абсурдтық идея.** Мифорестафрациялық әдіспен жазылған шығарма шындығында бірнеше жанрлық тәсілдің кірігуі байқалады. Күштілердің озбырлығы, жуастардың әлсіздігі, дәрменсіздігі, адамгершілік пен адалдықтың аяққа тапталып, жазықсыздың жапа шегуі, қатыгездік пен озбырлықтың кесапаты, тіршілік иелерінің менмендігі, тәкаппарлығы, бейшараның шарасыздығы секілді түрлі психологиялық проблемаларды қаламгер шығармадағы басты кейіпкерлер Бағыз, Атайы, Мамыттың көзімен жеткізеді. Шығарманың аллегориялық әдіспен жазылғандығының ұтымды тұсы – адамдықтың екі типінің көрсетілуінде. «Адам» деп аталғанмен, төрт аяқтының тірлігін жасап, тіпті одан да бетер әрекеттердің сойқандығын «шығаратын» тіршілік иесінің қос-бейнесі жасалған. Адамның психологиялық екіге бөлініп, өз-өзінен жиреніп, нәпсісіне құл болып, өз арнасынан тасып, бағынбай, басқа бір «жан иесіне» көшу – тек қазіргі заманда емес, жеке тұлға болып қалыптасқалы қатар жүретін «көлеңкесі». «Мінсіз қаһарман», «мінсіз бейне», «адал адам», «дұрыс адам» образдарына қанық қазақ оқырманы бұл типтес шығармаларды қабылдай қоймағаны рас. Қалайша, жануарлардың алдында адамзаттың бейнесі осынша озбыр, қанішер, қатыгез, зорлықшыл, іске алғысыз тиран ретінде көрінді деген секілді абсурдтық идеялар белең алды. Шығармадағы Қара орман мекеншағы утопиялық сарынды еске салады, яки бірнеше мың жыл адам атты аждаһаның тау-тасқа көшіп, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын» мезетте өмір сүрген патшалықты елестетеміз. Жануар мен адамдар арасындағы тартыс аясындағы Сарқыттың да аралық образ ретінде көрінуі – екі әлемді байланыстырушы тотемдік символ ретіндегі бернесі. Тәжірибелі Бағыздың отыз күн той үстінде Сарқыттан көз алмай, одан күдіктенуі де жайдан-жай емес. Мойындаудан гөрі оқшауланып, бас игеннен гөрі немқұрайлылық танытып, ерекше мінезімен бөлектенген итті тек Бағыз ғана байқады, оның осыншама уақыт патшалықты ұстап, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, мақұлық атаулының басын біріктірген стратег, психолог, ішкі түйсігі жоғары энтузиаст, білгір де сезімтал басшы

екені білінеді. Оның барлық жауапкершілікті Атайыға артып, мәңгілік мекеніне асыққаны – екі аяқтыларды «мойындап», оның алдындағы дәрменсіздігіне бас ұруы, шарасы таусылуы, белгісіздік күйге түсіп, «таза жеңілістің» болатынына кәміл сенуі. Оның ішкі түйсігінде де лажсыздық, шарасыздық сана ағымының дамуына әкеледі. Жазушы да өз ойын, идеясын абсурдтық түсінікпен білдіреді. Себебі жануар мен адамның теке-тіресі, адам мен табиғаттың апаты, «Адамға табын, Жер, енді» түсінігі, табиғи болмысты сындыру, табиғатқа қарсы шығу, жаратылыс иесінің ақысына кіру, тіршілік атаулыны менсінбеу, өзін зор, «басқаны қор санау» секілді иррационалдық бағытта білдіреді. Жалпы, аксиологиялық мәндегі құндылықтар атаулының «құнсыздану» идеясы шығарманың басты қазығы болмақ.

**4. Коллизия.** Енді шығарманың ішкі мазмұнына бойлайық. Әдебиеттану ғылымында конфликт пен коллизия мәселесі бойынша көптеген ғалымдар еңбектенгені мәлім. Жоғарыда атап өткеніміздей, шығарманың мазмұны мен пішіні эклектизмге негізделіп, бірнеше жанрлық бірліктердің бір арнаға тоғысып, тұтастықтағы ойды білдірудегі қызметін сәтті орындап шықты. Мистикалық, ертегілік, мифтік, үрейлік, футуристік, романтикалық, психологиялық, неонатуралистік, философиялық идеялардың барлығы осы шығармада тоғысқан. Коллизия – ұғымы шығармадағы тартыспен қатар жүретін құбылыс, яки қалыптасқан заңдылықтардың орындарының бұзылуы, абсолютті шындықтың бұлыңғырланып, сюжеттік шиеленістердің қайшылықтары, қалыпты жағдайдың ауытқуы десек те болады. Шығармадағы негізгі өзек – теңдік, тек адамдардың ғана емес, барлық жаратылыс арасындағы тепе-теңдік. Атайыға екі аяқтылардың ерекшеленген қаруы – өнерінде екенін айтқан Бағыздың сөзінен-ақ адамзаттық прогрессия, дамудың биік сатысына қызығуды немесе қорқуды көрмейміз, керісінше сол өнерді игермей, бір жерде дамымай тұрып қалған ортаға налығанын байқаймыз. Дүниенің төрт бұрышын жайлап, «өнерді» игеріп, жасанды қарудың құлағында ойнаған адамзаттан өздері олардан асып түспесе кем түспейтін барлық қажыр-қайратқа, бірлікке, айлаға, соғыс тактикасына, түрлі әдіс-тәсілдерге қанық болса да, өнер-білімсіз жеңіліске ұшырайтынын да аңдатады. Тіпті «...Ешкімнің жоқ екенін көріп тұрып қалған екі аяқтылардың тұлғасын Атайы жауынгердің жіті көзімен шолып өткен. Асып бара жатқан ештеңесі көрінбеді. Орта бойлы. Артқы екі аяқпен жүргені болмаса бұның да төрт мүшесі, бір басы бар екен...» [14], - деген Атайының ойынан да екі аяқтыларды пір тұтып, ақыл мен сана тұрғысынан әлдеқандай биік, өзгеше де ерекше жан иесі деп қарамай, немесе өздерін биік те санамай, өздеріндей тіршілік иесі ретінде көруі де – адамзаттық теңдікті, теңбіл тіршіліктегі жаратылыс атаулының біркелкілігін айтқысы келсе керек. Қара орман елі мен екі аяқтылардың соғысы – тарихи тақырыптағы әскери тактикаларды еске түсіретін коллизиялық формалардың бірі.

Жеңіліске ұшыраған Атайы терең күйзеліп, Дария-анамен сырласуы, үнсіз түсінісуі, жүрегіндегі үлкен аманатты орындай алмай қалған сызатты өкініші, барынан айырылған шарасыздығы, халық алдындағы өз-өзін жегідей жеуі – барлығы терең де әсерлі көрініс берген. Атайының Сауранмен байланысы да ер мен әйел орнын түсіндіруге арналған ишара секілді. Атайының амалы құрып, Мұзғарға барып, бар ойын жинақтап, көкжиекпен кеңесуі де, «намыс» атты қасиетті бойына сіңіріп өзін тасқа соғуы – ішкі монологтың айрықша үлгісі ғана емес, Атайының азаматтық позициясының биік шыңы. Шығарманың шешімінде Бағыз, Атайы, Мамыр, Қадырхан, тағы да басқа барлық мақұлықтар хайуанаттар бағына тоғытылып, темір тордың ішінде өмір сүреді. Кең сахараға, Қара орманға, дүниенің төрт бұрышына сыйған мақұлықтарды екі аяқты антипод образ – адамдар кішкентай жәшікке қамап қана қоймай, өз қалауларымен жүргізіп, үстемдік етті.

Атайы секілді елін өрге сүйреп, халқы үшін жанын беруге даяр, шыбын жанын шүберекке түйген жандар қаншама. Шығарманың «Атайы» атануы да бекер емес. Басты образ Бағыз болғанымен, жас әрі іскер ретінде арлан Атайыны патша ету де жайдан-жай емес. Атайы – иісі қазақтың жалпы жиынтық бейнесі. Атайы – сонау көкбөрілердің жалғасы, түркілердің бас көтерер тұлғасы. Көкбөрі бағзыбейнесін (архетип) атамай кетуге болмайды. Түркі халқының таным-түсінігінде көк бөрінің алатын орны ерекше. Сол себепті шығармаға басты өзек ретінде Атайының алынуы тегіннен-тегін емес. Жалпы, шығармадағы Қара Орман елі – қазақ елінің аллегориялық тұспалы. Төрт құбыласы тең, өз шекарасында күй кешіп, ешкімнен бес бересі, алты аласы жоқ күй кешкен момын да қарапайым ел екендігін Қара орманды сипаттаған Бағыздың монологынан байқаймыз. Бұл монологта Қара орман елінің түрлі соғыстар мен алаңдардан аман қалып, батырлар мен қолбасшылардың арқасында аман қалып, азайған халық қайта өсіп, өніп, дегендеріне жеткені сөз болады. Қазақ тарихында түрлі небір зұлмат тарихи оқиғалар, қанды қырғындар, ойрат, жоңғар, қалмақтармен соғыстар, ашаршылық сынды нәубеттерді бернелейді. Шығармада көп кездесетін тіркес – жетпісінші аталар, жетпісінші ұрпақ секілді жетпіс санымен байланысты ұғымдар. Бұның мәні де – қазақ халқының жетпіс жылдық бодандығында, бас бостандығының кемдігінде. Емеурінмен, соның ішінде синекдохалық әдіспен көрініс тапқан. Ал шығармадағы екі аяқтылар дегені – патшалық, отаршылдық қамыты, «өнер-білімге» бай, оқыған «орыс зиялыларын» қара халықты өзіне бағындыруында. Тіпті шығарма соңындағы торға байлануы да – символданған эпизод. Төмендегі кесте арқылы шығармада қолданылған басты зерттеу әдіс-тәсілдерімізге орай жасақталған ойымызды көрсетуге болады.

Кесте 2. Зерттеу нәтижелері бойынша ұсыным-кесте

Талдау нысаны	Символдық мәні	Әдеби әдіс	Зерттеу нәтижесі
Атайы	Көкбөрі архетипі, ұлттың қорғаушысы	Архетиптік талдау	Түркілік мәдениеттегі көкбөрі бейнесінің заманауи көркем әдебиеттегі жаңғыруы
Қара орман	Қазақ елі, дәстүр мен табиғаттың символы	Аллегориялық талдау	Тарихи жады, тәуелсіздікке дейінгі қазақ халқының символдық мекені
Екі аяқтылар	Отарлаушы күш (патшалық Ресей, Кеңес жүйесі)	Герменевтикалық талдау	Озық технологияға ие, бірақ рухани мешеу күш ретінде бейнеленуі
Жетпіс ата, ұрпақ	Кеңестік бодандықтың метафорасы	Контент-талдау	70 жылдық отарлық езгінің көркемдік тәсілмен берілуі
Темір тор, хайуанаттар бағы	Еркіндіктен айырылған халық, рухани шектеу	Символикалық-аллегориялық	Еркін халықтың торға камалуы – рухани күйреу мен тәуелсіздікті жоғалту метафорасы

**5. «Автор өлімі» концепциясы.** Жоғарыда біз әңгімедегі аллегориялық сипатты өзімізше бағамдап көрдік. Осы негізде кеңестік идеологияны, саяси-қоғамдық мәселелерді астарлап жеткізуі мүмкін деген ойға келдік. Ал оқырман позициясы тұрғысынан алып қарасақ, «автор өлімі» концепциясын басшылыққа алар болсақ, нақты идея, авторлық идея бізге беймәлім, Р.Барттың пайымдағанындай, әр оқырман санасы мен мәтін тікелей дискурстық қатынаста болады. Жалпы автор концепциясы кеңестік пен кейіпкерлердің тағдыр байланысын көрсетуге бағытталады [15, 707-б]. Шығармадағы тағы бір ойға оралатын идея – адамның жан бостандығы, жан жүйесі, психологиясы. Бәлкім, біз пайымдағандай емес, аллегориялық сипаттағы Қара орман – адамның болмысы, оның ішіндегі түрлі мақұлықтар адамның мінез-құлқы, ортасы, аурасы, ал екі аяқты дегені – нәпсісі, егер нәпсіні жеңе алмаса, соның құлы болар деген де ой болар. Өлі де шешімін таппаған жан ілімінің түрлі қатпарлары мен сезім иірімдері шығар деген де ой келеді. Қаламгердің шеберлігі сонда, бұл идеяны – өз оқырманына қалдырғандығында. Әркімнің жүрегінде өз Таласбегі бар, әр адамның когнициялық, интеллектуалдық, психологиялық, рационалдық бағамына орай танып алар ой таразысы бар. «...Жарлығың неткен қатты еді! Қара Орман қайда? Оны мекендеген қасиетті халық қайда? Жердегі жан-жәндіктің шыққан Отаны – Ұлы Дария ана. Сен де сол Дария ананың бір баласысың. Біздің бауырымызсың» [14]. Шығармадағы осы ой адам жанының қалтарысын, ішкі әлемнің айқасын, бір-біріне бұлқына бағынбаған сезім сарайын, арнадан тасыған, буырқанған жан сарайын тұспалдайтын да секілді. Қорытатын болсақ, «автор өлімі» позициясындағы ойымызды дәлелдеу мақсатында төмендегі кестені келтіруді жөн көреміз.

## Кесте 3. Интерпретативті-перцептивті талдау

Талдау қабаты	Мәтіндік элемент / үзінді	Оқырман реакциясы / қабылдауы	Мағыналық интерпретация
<b>1. Когнитивтік</b> (ақылмен қабылдау)	«Міне, тәж. Міне, тақ».	Сюжеттік шешім, оқиға аяқталды деген сигнал	Билікті, жауапкершілікті тапсыру, бірақ ирониямен айтылған – моральдық күйреу белгісі
<b>2. Эмоциялық</b> (жүректен сезіну)	«Халқыммен бірге мен де өлдім. Сен жеңдің. Мен жеңілдім».	Қайғы, өкініш, күйзеліс	Ішкі рухтың құлдырауы, ұлттық рухтың жан дағдарысы
<b>3. Экзистенциалдық</b> (жанмен ұғыну)	«Қара орман – адамның болмысы... мақұлықтар – адамның мінезі... екі аяқты – нәпсісі».	Адам өмірінің мәнін іздеу, нәпсі мен рух күресі	Шығарма – адамның ішкі әлемі туралы психологиялық аллегория, өзін-өзі тану процесі

Сайып келгенде, «Атайы» әңгімесінің жанрлық, идеялық, көркемдік қыры – көпфонды функцияларға толы дейміз. Шағын ғана әңгіменің поэтикалық қыры да өзгеше.

**Қорытынды**

Қорытындылайтын болсақ, Т.Әсемқұловтің «Атайы» әңгімесі – аллегориялық негізде жазылған әңгіме дедік. Алайда бойына түрлі жанрлық трансформациялар мен идеялық мәндегі мазмұндық ерекшеліктерді жинаған әңгіме десек те болады. Әңгіменің өн бойындағы постмодерндік бағыттың аясынан дамиды мифтік-символикалық, фантазмагориялық сипат негізінде көптеген мәселелердің астары ашылады. Кейіпкерлер жандүниесіндегі мифопоэтикалық жад нәтижесінен туындаған архетиптік-символдық бейнелер, авторлық концепция, идеялық мазмұн жымдасып жатқан әңгімедегі интермәтінділік мәселесі де бір-бірімен жымдасқан.

**ӘДЕБИЕТ**

[1] Лотман Ю. М. О принципах художественной фантастики // История и типология русской культуры / Ю. М. Лотман. – СПб., 2002. – 769 с.

[2] Kowalik G. Post-Postmodernism, the “Affective Turn”, and Inauthenticity // Humanities. – 2023. – Vol. 12. – Pp. 1-15 <https://doi.org/10.3390/h12010007>

[3] Kitagawa Y. Copying identity // Natural Language & Linguistic Theory. – 1991. – Vol. 9, №3. – P. 497-536. <https://doi.org/10.1007/BF00135356>

[4] Skinner H., Kubacki K. Unravelling the complex relationship between nationhood, national and cultural identity, and place branding // Place Branding and Public Diplomacy. – 2007. – Vol. 3, №4. – Pp. 305-316. <https://doi.org/10.1057/palgrave.pb.6000072>

[5] McCarthy J.J., Kimper W., Mullin K. Reduplication in harmonic

serialism // Morphology. – 2012. – Vol. 22, №2. – Pp. 173-232. <https://doi.org/10.1007/s11525-012-9203-3>

[6] Kokkola L. Envisaging “our” nation: politicized effects in minority language literature // Children’s Literature in Education. – 2019. – Vol. 50, №2. – Pp. 142-159. <http://dx.doi.org/10.1007/s10583-017-9340-8>

[7] Сәулембек Г. Мистика: іргелес жанрлармен өзара байланысы мен кейіпкерлер жүйесі // «Керуен». – 2024. – №1 (82). – Б.169-184.

[8] Brown CN. Genre fiction science fiction the quest for utopia // Foreign Literature Studies. – 2005. – Vol. 27, №6. – P. 36-40.

[9] Новейший философский словарь. Постмодернизм / Гл. науч. ред. и сост. А.А.Грицанов. – Минск: Современный литератор, 2007. – 816 с.

[10] Ильин И.П. Постмодернизм от истоков до конца столетия: эволюция научного мифа. – М.: Интрада, 1998. – 158 с.

[11] Kumar K. From Post-Industrial to Post-Modern Society. New Theories of the Contemporary World. – Oxford (UK): Cambridge (USA), 1995. – 256 p.

[12] Hassan I. The Postmodern Turn: Essays in Postmodern Theory and Culture. – Columbus, Oh, 1987. – 230 p.

[13] Эпштейн М.Н. Постмодерн в русской литературе: Учеб. пособие для вузов. – М.: Высш. шк., 2005. – 287 с.

[14] Әсемқұлов Т. Атайы <https://qazaqadebiety.kz/16153/atajy> 21.07.2025

[15] Шаинова Г.Б., Нурпеисова Г.М., Смагулова Ш.К. Архетип дома как пространственно-временная категория романа «Трон сатаны» Р.Сейсенбаева // Известия КазМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Филологические науки». – 2025. – №3. – Б. 702-712. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.041>

## REFERENCES

[1] Lotman Yu.M. O principah hudozhestvennoj fantastiki. [The principles of fiction]. Istoriya i tipologiya russkoj kul’tury. – Sankt-Peterburg, 2002. – 769 s. [in Rus.].

[2] Kowalik G. Post-Postmodernism, the “Affective Turn”, and Inauthenticity // Humanities. – 2023. – Vol. 12. – Pp. 1-15 <https://doi.org/10.3390/h12010007>

[3] Kitagawa Y. Copying identity // Natural Language & Linguistic Theory. – 1991. – Vol. 9, №3. – Pp. 497-536. <https://doi.org/10.1007/BF00135356>

[4] Skinner H., Kubacki K. Unravelling the complex relationship between nationhood, national and cultural identity, and place branding // Place Branding and Public Diplomacy. – 2007. – Vol. 3, №4. – Pp. 305-316. <https://doi.org/10.1057/palgrave.pb.6000072>

[5] McCarthy J.J., Kimper W., Mullin K. Reduplication in harmonic serialism // Morphology. – 2012. – Vol. 22, №2. – Pp. 173-232. <https://doi.org/10.1007/s11525-012-9203-3>

[6] Kokkola L. Envisaging “our” nation: politicized effects in minority language literature // Children’s Literature in Education. – 2019. – Vol. 50, №2. – Pp. 142-159 <http://dx.doi.org/10.1007/s10583-017-9340-8>

[7] Saulembek G. Mistika: irgeles janrlarmen ozara bailanysy men keipkerler zhuesi. [Mysticism: relationship with related genres and character system]. Keruen. – 2024. – №1 (82). – B.169-184. [in Kaz.]

[8] Brown CN. Genre fiction science fiction the quest for utopia // Foreign Literature Studies. – 2005. – Vol. 27, №6. – P. 36-40.

[9] Novejshij filosofskij slovar. Postmodernizm [Postmodernism]. – Minsk: Sovremennyyj literator, 2007. – 816 s. [in Rus.]

[10] Ilin I.P. Postmodernizm ot istokov do konca stoletiya: evolyuciya nauchnogo mifa. [Postmodernism from the beginning to the end of the century: the evolution of the scientific myth]. – Moskva: Intrada, 1998. – 158 s. [in Rus.]

[11] Kumar K. From Post-Industrial to Post-Modern Society. New Theories of the Contemporary World. – Oxford (UK): Cambridge (USA), 1995. – 256 p.

[12] Hassan I. The Postmodern Turn: Essays in Postmodern Theory and Culture. – Columbus, Oh, 1987. – 230 p.

[13] Epshtein M.N. Postmodern v russkoj literature. [Postmodernity in Russian literature]. – Moskva, Vysshaya shkola, 2005. – 287 s. [in Rus.]

[14] Assemkulov T. Ataiyi. [Ataiyi] <https://qazaqadebieti.kz/16153/atajy> 21.07.2025

[15] Shainova G.B., Nurpeisova G.M., Smagulova Sh.K. Arhetip doma kak prostranstvenno-vremennaja kategorija romana «Tron satany» R.Sejsenbaeva [Archetype of the house as a spatial-time category of the novel “Throne of satan” R.Seisenbaev] // Bulletin Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. – 2025. – №3. – S. 702-712. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.041> [in Rus.]

## **ФАНТАСМАГОРИЯ И ДЕКОНСТРУКЦИЯ АВТОРСКОЙ ПОЗИЦИИ В РАССКАЗЕ Т. АСЕМКУЛОВА «АТАЙЫ»**

\*Абдуллина А.Б.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова  
Актобе, Казахстан

**Аннотация.** В статье рассматривается применение таких постмодернистских литературоведческих методов, как фантасмагория, интертекстуальность и концепция «смерти автора». Сначала анализируются теоретические основы этих подходов с точки зрения психологии и литературоведения, а также исследуются понятия «идентичность», «национальное сознание», «народное мировоззрение». В этом контексте объектом исследования становится рассказ «Атайы» писателя Таласбека Асемкулова, как одного из ярких представителей данного направления в современной казахской литературе. Произведение, написанное в жанре аллегорического рассказа, подвергается всестороннему анализу. С позиции литературоведения проводится сопоставительно-исторический, символично-архетипический, интертекстуальный, концептуальный и

герменевтический анализ с использованием контент-анализа, а также качественных и количественных методов исследования. В статье рассматриваются жанровая трансформация, идеи абсурда, авторская концепция и симуляция, понятие «смерти автора» с семиотической точки зрения. Рассказ анализируется через такие ключевые категории постмодерна, как постирония, архетип, мифореставрация, мифологическое мышление, аллегорический приём, этиологический элемент, а также в контексте утопических идей неоромантического и неофантастического направления. Особое внимание уделяется интерпретации через призму национального кода.

Жанр аллегории в литературе — это способ скрытой передачи не только историй о животных, но и общечеловеческих проблем. В соответствии с этим, жанр аллегорического рассказа отражает теоретическую и практическую значимость статьи. Научная ценность исследования связана с тем, что в современной казахской прозе жанр аллегорического рассказа используется для раскрытия общечеловеческих и национальных тем. Практическая значимость исследования заключается в том, что полученные результаты могут быть применены в курсах по современной казахской литературе, современной казахской прозе, а также при анализе и преподавании литературного процесса XXI века. Рассказ «Атайы», в котором сатирическое изображение человеческой сущности реализовано посредством метода фантазмагории, является аллегорическим рассказом, определяемым в нескольких структурах, направлениях и характеристиках. Данная статья внесет значимый вклад в область современной казахской литературы и прозы, а также расширит наше понимание явлений и терминов, присутствующих в современных литературных тенденциях.

**Ключевые слова:** современная казахская литература, национальный код, идентичность, жанр, постмодернизм, фантазмагория, аллегория, интертекстуальность, архетип

## PHANTASMAGORIA AND DECONSTRUCTION OF THE AUTHORIAL POSITION IN T. ASEMKULOV'S SHORT STORY "ATAI"

\*Abdullina A.B.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

**Abstract.** This article explores the use of phantasmagoria, intertextuality, and the concept of the “death of the author” within the framework of postmodern literary criticism. First, the theoretical foundations of these approaches are examined from psychological and literary perspectives, followed by an analysis of the concepts of identity, national consciousness, and folk worldview. In this context, the study focuses on the short story “*Atayy*” by Talasbek Asemkulov, a prominent representative of this direction in contemporary Kazakh literature. His work, written in the genre of allegorical narrative, is subjected to in-depth analysis.

From a literary perspective, the study employs comparative-historical, symbolic-archetypal, intertextual, conceptual, and hermeneutic methods, combined with content analysis, including both qualitative and quantitative approaches. The article provides a semiotic interpretation of such notions as genre transformation, the absurd, authorial conception and simulation, and the “death of the author.” The narrative is further explored through key postmodern categories, including post-irony, archetype, myth-restoration, mythological consciousness, allegorical technique, and etiological motifs. These elements are analyzed in relation to neo-romantic and neo-fantastic utopian ideas, while also being interpreted through the lens of the national code.

The genre of allegory in literature is a method of subtly conveying not only the narratives of animals but also universal human issues. Accordingly, the genre of allegorical story reflects the theoretical and practical significance of the article. The scientific value of the research is connected with the clarification of universal human and national themes within the genre of allegorical story in contemporary Kazakh prose. The practical significance of the research is that the results obtained can be utilized in courses on contemporary Kazakh literature, contemporary Kazakh prose, and in the analysis and teaching of the literary process of the 21st century. The story “Atayı,” where the satire of human existence is realized through the method of phantasmagoria, is an allegorical story identified across several structures, directions, and characteristics. This article will make a notable contribution to the field of contemporary Kazakh literature and contemporary Kazakh prose, and will expand our understanding of the phenomena and terms present in today’s literary trends.

**Keywords:** contemporary Kazakh literature, national code, identity, genre, postmodernism, phantasmagoria, allegory, intertextuality, archetype

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 23.02.2026.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.*

***Автор туралы мәлімет:***

Абдуллина Анар Борановна – PhD, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: anar.abdullina@rambler.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8695-7417>

***Информация об авторе:***

Абдуллина Анар Борановна – PhD, Актюбинский региональный университет им 7 К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: anar.abdullina@rambler.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8695-7417>

***Information about the author:***

Abdullina Anar Boranovna – PhD, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: anar.abdullina@rambler.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8695-7417>